



**2022 - 2023 оқу жылына арналған 8, 13 мектепалды даярлық тобы
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Дайындаған: Муханова Г.А.

**Қазақ тілі оқытушысының 2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы №46 «Балбұлақ» бөбекжайы МҚКК

Топ: мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Қазақ тілі	- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; - балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу. Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

		Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздік қор. Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.
--	--	---

**Қазақ тілі оқытушысының 2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы №46 «Балбұлақ» бөбекжайы МҚКҚ

Топ: мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Қазақ тілі	- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; - Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән “ а-ә” дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор. Сөздікке "тәулік", "күн тәртібі", "уақыт өлшемдері" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін енгізу, оларды қатыстырып сөйлем құрастыру арқылы жаңа сөздерді жандандыру.

		А дыбысы, Ә дыбысы, баспа түрі, жазба түрі. Өтеш, бәйшешек, жаға, ұшақ, әткеншек, әпке, әке, сәбіз, дәрі, ән, әңгіме, айна, аю, ат арба, асхана сөздерін қолдана отырып, балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорларын байыту, жалпы ой-өрісін дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.
--	--	---

**Қазақ тілі оқытушысының 2022-2023оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы №46 «Балбұлақ» бөбекжайы МҚКҚ

Топ: мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Қазақ тілі	- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу; - баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау. Тілдік дамытушы орта. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Мейірімділікке, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Күз қабілетін сипаттап, күз айларын атай білуге үйрету. Табиғатты аялауға, сүюге, қорғауға тәрбиелеу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. 1) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; 2) сөйлеу тілін және артикуляциялық аппаратты дамыту. 3) “о-ө-ұ-ү” дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру. Сөздік қор. Сөздікке "алтын күз", "жапырақтың түсуі" сөз тіркестерін енгізу; күз

		туралы өлеңдердегі сөздер мен сөйлемдерді қолданысқа енгізу. “Сорпа”, “көкөніс сорпасы” сияқты сөздерді енгізу, көкөністер мен жемістердің аттарын, сондай - ақ көкөністер туралы өлең жолдардын айту арқылы сөздікті жандандыру; “ексең егін, ішерсің тегін”, “еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей” мақал-мәтелдері арқылы тіл байлықтарын дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы: 1) 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдерді түсінуді және сөз тіркестерін құруды үйрету; 2) сөйлеуде зат есімдердің жекеше және көпше түрін қолдану дағдысын қалыптастыру; Байланыстыра сөйлеу. Сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруді үйрету. Қысқа шығармаларды тыңдауды, түсінуді, тақпақтар оқуды үйрету.
--	--	--

**Қазақ тілі оқытушысының 2022-2023оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы №46 «Балбұлақ» бөбекжайы МҚКҚ

Топ: мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Қазақ тілі	- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу; - баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау. Тілдік дамытушы орта. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Балаларды "Ы-І" дыбыстарымен, "Ы ы-І і" әріптерімен таныстыру. "Ы-І" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Ы-І" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету,буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздік қор. Сөздікке "жылы жақ", "оңтүстік", "қоңыр", "ұсқынсыз", "қуып жіберу" сияқты сөздер мен сөз тіркестерін енгізу. "Ы", "І", "Ас атасы-нан", "Із",

		"Ін", "Іш", "Іс", "тіс", "іні", "ін", "тіл" сөздерін пайдалану. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы: Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету. Байланыстыра сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету.
--	--	--

**Қазақ тілі оқытушысының 2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы №46 «Балбұлақ» бөбекжайы МҚКҚ

Топ: мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Қазақ тілі	- артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; Тілдік дамытушы орта. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдану. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Балаларды "К-Г", "Қ-Ғ" дыбыстарымен, әріптерімен таныстыру. "К-Г", "Қ-Ғ" әріптерін ауа арқылы жазып көрсету. Аталған дыбыстардың айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуға, ажыратуға үйрету. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс

		заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы: Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету. Байланыстыра сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.
--	--	---

**Қазақ тілі оқытушысының 2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы №46 «Балбұлақ» бөбекжайы МҚКҚ

Топ: мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Қазақ тілі	- қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; Тілдік дамытушы орта. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "т,д,ж,ш" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор.

		Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша (хабарлы) сөйлемдерді ажыратып сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Байланыстыра сөйлеу. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету.
--	--	--

**Қазақ тілі оқытушысының 2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы №46 «Балбұлақ» бөбекжайы МҚКҚ

Топ: мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Қазақ тілі	- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету; - балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу; Тілдік дамытушы орта. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. “П-Б”, “С-З” дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Сөздік қор. Балалардың Қазақстан, оның табиғи байлықтарының ерекшеліктері

		туралы білімдерін кеңейту; "ауыз су", "көмір", "бидай", "мұнай", "кен", "газ", "көл", "теңіз", "дала", "таулар", "орман" сөздерінің мағынасын түсіндіру; Сөйлеудің грамматикалық құрылымы: Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Байланыстыра сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.
--	--	---

**Қазақ тілі оқытушысының 2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы №46 «Балбұлақ» бөбекжайы МҚКҚ

Топ: мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Қазақ тілі	- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу; - ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө,к, ү, ұ, і" дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор.

		Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Байланыстыра сөйлеу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.
--	--	--

**Қазақ тілі оқытушысының 2022-2023оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы №46 «Балбұлақ» бөбекжайы МҚКҚ

Топ: мектепалды даярлық тобы

Балалардың жасы: 5 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Қазақ тілі	- әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту. Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, мал өсіруде қажетті құрал-жабдықтардың атауын атай білуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың (басы, ортасы, соңы) орнын анықтауға үйрету. Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді

		қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуге үйрету. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстыра сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айтуға үйрету.
--	--	---